Лагерь

«БАЛДӘУРЕН» — ҚЫЗЫҚТЫ ЖАЗДЫҢ МЕКЕНІ

Мектебімізде «Балдәурен» жазғы демалыс алаңының бірінші кезеңі маусым айының басында басталды.

Басты мақсат — оқушылардың жазғы уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың денсаулығын нығайту, шығармашылық қабілетін дамыту және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

Жазғы алаңның алғашқы күні «Қайырлы күн, жас өркен!» атты салтанатты шарамен басталды. Оқушылар бой жазу жаттығуларын орындап, жазғы демалыс алаңының ережесімен танысты. Балалар асфальтқа сурет салып, спорттық жарыстарға қатысып, дәрігердің қатысуымен «Денсаулық — зор байлық» тақырыбында танымдық сағат ұйымдастырылды.

Сондай-ақ лагерьге келген балалар радиода шығармашылығын шыңдап, таза ауада тынықты. «Кино әлеміне қызықты саяхат» барысында олар қауіпсіздік ережесімен танысып, мультфильмдер тамашалады. Рәміздер күніне арналған шарада мемлекеттік Әнұран шырқалып, оқушылардың патриоттық сезімі нығая түсті. Сонымен қатар балалар қаладағы ойын-сауық орталығының біріне барып, көтеріңкі көңіл күйге бөленді.

Бағдарлама барысында оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында цирк қойылымдары, қуыршақ театрына саяхат, мультфильм көру, сурет салу және бояу жұмыстары, түрлі ұлттық спорттық шара да ұйымдастырылды. «Нашақорлық — болашаққа қауіп» және «Заң және тәртіп» тақырыптарында өткізілген танымдық сағаттар балалардың қауіпсіздік пен құқықтық сауаттылық туралы түсінігін кеңейтті.

Оқушылар өлкетану бағытындағы іс-шараларға да белсенді қатысты. Олар облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат жасап, туған өлкенің тарихымен танысты.

«Балдәурен» жазғы алаңының оқушылары қаламызда Әкелер күніне орай ұйымдастырылған «Әке мен бала» спорттық сайысына да қатысты. Тартысты әрі қызықты өткен іс-шарада олар өздерініңептілігі мен ұйымшылдығын көрсетті. «Қош бол, Балдәурен!» атты қорытынды күні балалар өз өнерін көрсетіп, алаңның жабылу салтанатына қатысты. Екі апталық алаңда болған түрлі шараларға, оның ішінде тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, ән, би, бес асық, квиз ойындарына қатысқан оқушыларды марапаттап, сыйлықтар берілді.

Гүлнәзия ЕСЕНҚҰЛОВА,
А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

Ақтөбелік «Парыз» қоғамдық қоры келесіні хабарлайды.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 12 наурыздағы шешіміне сәйкес, «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Парыз» Ақтөбе қоғамдық қорының қазақ тілінде шығарған «Әбілқайыр хан: қолбасшы, саясаткер» туынды шығармасы (И. В. Ерофееваның «Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик» монографиясы негізінде) заңсыз деп танылды.

Сот авторлық құқық иелері — «Дайк-Пресс» ЖШС мен «Әбілқайыр хан халықаралық қоры» қоғамдық қорының авторлық құқығы бұзылғандығын анықтады.

Қолдау

ҮЗДІКТЕРГЕ ШӘКІРТАҚЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Жас ұрпақтың сапалы білім алып, жан-жақты дамуына жағдай жасау, оқушыларды қолдау мен ынталандыру — білім беру саласындағы маңызды міндеттің бірі. Осы бағыттағы игі дәстүрдің жалғасы ретінде шалқардағы Ә. Жангелдин мектебінде белгілі азамат, білім жанашыры Мақсот Сыдықұлының бастамасымен талантты әрі білімді оқушыларға арнайы шәкіртақы табыстау рәсімі өтті.

Бұл шәкіртақы оқу үлгерімі тәуір, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларда жетістікке жеткен, қоғамдық жұмысқа белсенді қатысып, мектеп абыройын асқақтатып жүрген үздік оқушыларды қолдауға бағытталды. Шәкіртақы иелерін анықтау барысында олардың білім деңгейі, шығармашылық ізденісі, қоғамдағы белсенділігі мен жетістіктері жан-жақты сараланды.

Салтанатты шараға арнайы қатысқан Мақсот Сыдықұлы шәкіртақы иегерлерін құттықтап, олардың әрқайсысына үлкен үміт артатынын жеткізді. Ол білім мен еңбектің арқасында ғана биік белесті бағындыруға болатынын атап өтіп, шәкірттерге алдағы оқу жылында толағай табыс тіледі.

Биыл 10-11 сыныптар арасында I дәрежелі шәкіртақыны (200 мың теңге) Мәлік Мәди мен II дәрежелі шәкіртақыны (150 мың теңге) Динара Амантаева иеленді. Ал 5-9 сыныптар арасында I дәрежелі шәкіртақы (150 мың теңге) Еркежан Махшатқа, II дәрежелі шәкіртақы (100 мың теңге) Айкөркем Қарабасоваға және III дәрежелі шәкіртақы (80 мың теңге) Көусар Сәбитоваға табысталды. Сонымен қатар 2-4 сыныптар арасында I дәрежелі шәкіртақы (100 мың теңге) Дастан Айжарқыновқа, II дәрежелі шәкіртақы (80 мың теңге) Рауза Серікбаеваға, III дәрежелі шәкіртақы (70 мың теңге) Инабат Әбіловаға берілді.

Айнұр МАХАМБЕТОВА, ата-ана.
Шалқар ауданы.

«РАХАТ ТУР» ЖШС

Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес, 2026 жылғы 10 тамызда 11.00-де Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Сарыхобда а.о., Сарыхобда а, Орталық көшесі 27, «Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Сарықобда а.о. әкімінің аппараты» ММ мекенжайы бойынша «Ақтөбе облысы Алға ауданында 5000 бас ірі қара малға арналған бордақылау алаңын салу», жұмыс жобасына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы (рұқсат етілген шығарынды нормативі), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/ -та сондай-ақ ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz сондай-ақ aktobe.uprrp@yandex.kz қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Өткізілетін қоғамдық тыңдауға белсенді сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/3983988781?pwd=cgmAbcZeNEjbAVeszHalzJ8qPFeSft.1&omn=77657070487 немесе конференция идентификаторы: 398 398 8781.

Кіру коды: 2026.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: zh.turebekova@yandex.kz және +77024371160 телефоны.

Жобаның тапсырыс берушісі: «Рахат Тур» ЖШС, БСН 990740005208, ҚР, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қақпақ а.о., Қақпақ ауылы, 062 есеп орам, 1 құрылым, тел.:+77015559329, e-mail:assylkhan.igilik@gmail.com.

Жобаны әзірлеуші: «Туребекова» ЖК, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, 11ш.а., 103/38, тел.: 87057246527, e-mail zh.turebekova@yandex.kz.

«ҚАЗХРОМ» ТҰК» АҚ

2026 жылғы 3 тамызда «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинатының «40 жыл КазССР» (Дуберсай) хром кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды, мына мекенжайы бойынша:

жергілікті уақыт бойынша сағат 11.00-де: Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Кеншілер мәдениет үйі, Әйтеке би көшесі, 46 Б.

жергілікті уақытпен сағат 13:30-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң а.о., Оңғар а., мектеп (акт залы), Адыр көшесі, 27.

жергілікті уақытпен сағат 15.30-да, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Қызылсу а.о., Сарысай ауылы, ауылдық клубы, Величко көшесі 34.

«Қазхром «ТҰК» АҚ филиалы — Дөң тау-кен байыту комбинатының координаттары: 50°15›38.25»С, 58°27›14.75»В.

Қосылу сілтемесі: https://erg.zoom.us/j/85211536032?pwd=qGvNqS1WfnbUHbLsLXPKSKKoJMv4cK.1.

Конференция идентификаторы: 85211536032

Кіру коды: 124256

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 және эл.мекен-жайы: expert_oos@mail.ru.

Жобалық материалдардың экологиялық сараптамасын «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» ММ жүргізеді.

«Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келісімі бойынша қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруды жобаның тапсырыс берушісі — «Қазхром» ТҰК» АҚ жүргізеді. Тапсырыс берушінің байланыс телефоны: +7 (713) 362-13-72

Белгіленген қызметке тапсырыс беруші: ҚТҰК, 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Бейбітшілік алаңы, 25 ғимарат, БСН 021041001594, директор – Б.К. Утемисов, тел. +7 (713) 362-13-72, эл.адресі- dgok@erg.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ССКӨБ» АҚ, БСН: 920240000127, Рудный қаласы, Ленин көшесі, 26, тел.: 8 (71431) -3-17-62.

«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес Ақтөбе облысындағы Ақтөбе өндірістік филиалының объектілері бойынша 2026-2035 жылдарға арналған II санаттағы экологиялық рұқсат алу мақсатындағы экологиялық құжаттамаға байланысты ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Zoom платформасына сілтеме:
https://us04web.zoom.us/j/78252460988?pwd=walfQirALDQ5r5PvT9v9fLqkxVIRsb.1.

Конференция идентификаторы: 782 5246 0988

Кіру коды: q6giK9.

Қызметтің бастамашысы: «QazaqGazAimaq» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалы

БСН: 070241005164. 030020, Ақтөбе қ., 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 22. Тел.: +7 (702) 945-45-46, +7 (7132) 70-40-83.

Жобаны әзірлеуші: «Талрыс» ЖШС. 030200, Ақтөбе қ., Өз-Наурыз көшесі, 17-ғимарат. Тел.: +7 771 290 71 77

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Бірыңғай экологиялық порталдан және жергілікті атқарушы органның сайтынан танысуға болады:
https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: +7 771 2907177.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Бірыңғай экологиялық портал арқылы, сондай-ақ электронды пошта арқылы қабылданады: aktobe.uprrp@yandex.kz.

Қоғамдық тыңдау келесі мекенжайлар бойынша өтеді:

Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, Үргенішбаев көшесі 37, Шалқар ГШ ғимараты, 03.08.2026 ж. сағат 10.00-де.

Ақтөбе облысы, Ырғыз ауылы, А.Құнанбаев көшесі 21А, Ырғыз ГШ ғимараты, 03.08.2026 ж. сағат 16.00-де.

Ақтөбе облысы, Жұргенев ауылы, Ақбұлақ көшесі 20, Әйтеке би ГШ ғимараты, 04.08.2026 ж. сағат 09.30-де.

Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Жамбыл көшесі 2, Хромтау ГШ ғимараты, 04.08.2026 ж. сағат 16.00-де.

Ақтөбе облысы, Мәртөк кенті, Байғанин көшесі 1А, Мәртөк ГШ ғимараты, 05.08.2026 ж. сағат 09.00-де.

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы даңғылы 22, «QazaqGazAimaq» АҚ өндірістік базасы, 05.08.2026 ж. сағат 11.30-де.

Ақтөбе облысы, Бадамша кенті, Егемендік көшесі 10, Қарғалы ГШ ғимараты, 05.08.2026 ж. сағат 16.00-де.

Ақтөбе облысы, Қарауылкелді ауылы, Барақ батыр көшесі 41В, Байғанин ГШ, 06.08.2026 ж. сағат 9.00-де.

Ақтөбе облысы, Шұбарқұдық кенті, Ж. Кереев көшесі 13, Темір ГШ ғимараты, 06.08.2026 ж. сағат 12.00-де.

Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы, Теміржолшылар көшесі 4, Мұғалжар ГШ ғимараты, 06.08.2026 ж. сағат 16.00-де.

Ақтөбе облысы, Алға қаласы, Сейфулин көшесі 23, Алға ГШ ғимараты, 7.08.2026 ж. сағат 10.00-де.

Ақтөбе облысы, Қобда ауылы, Иманов көшесі 33Б, Қобда ГШ ғимараты, 07.08.2026 ж. сағат 16.00-де.

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «№4 Қалалық емхана» МКК басшысының бос лауазымына конкурс жариялау туралы хабарландыру

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «№4 Қалалық емхана» МКК Байқау кеңесінің 2026 жылғы 26 маусымдағы хаттамалық шешімінің негізінде «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «№4 Қалалық емхана» МКК басшысының бос лауазымына конкурс жариялайды (1 бірлік).

Кәсіпорынның атауы: «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «№4 Қалалық емхана» МКК

Орналасқан жері: 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,

Астана ауданы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 293 «Б», тел. 8(7132)51-37-28

эл.поштаның мекенжайы: gp4aktobe@mail.ru.

Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты:

Медициналық қызмет

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері:

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың өзара іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оның қарамағындағы тұлғалардан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.

Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты ұйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды.

Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуді, санитариялық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады.

Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісімшарттар, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады.

Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта білдіреді. Медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі талаптарының, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдаланудың орындалуын, өртке қарсы қауіпсіздік пен қауіпсіздік техникасының, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақтылы есептілігін қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік (немесе сертификат);

немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе Executive MBA (ЭмБиЭй) немесе full-time MBA (Фултайм) дәрежесі;

немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time MBA (Фултайм) дәрежесі;

денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты;

медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін: бірінші (жоғары) біліктілік санатына сәйкес дәрігердің жалпы біліктілік талаптарына сай кәсіби құзіреттердің болуы, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты;

денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

Кәсіби біліктілік:

Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26867 болып тіркелген);

қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;

денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау;

медициналық қызметтер нарығының конъюктурасы; денсаулық сақтаудағы адами ресурстарды басқарудағы үздік тәжірибелер; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары; төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органы немесе алқалы атқарушы органы басшысының функциясын жеке дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 293 «Б», 5 каб.

тел.+7 (7132) 51-37-28

эл.поштаның мекенжайы: gp4aktobe@mail.ru

Үміткерлер конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш.
2. Еркін нысанда жазылған өмірбаяны.
3. Білім туралы құжаттардың көшірмелері.
4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді не жұмыс өтілін растайтын басқа құжат;
5. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №175 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада №21579 болып тіркелген);
6. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін хабарландыруда көрсетілген электронды пошта мекенжайына электронды түрде конкурс жариялаған Кәсіпорынға ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей ұсынылады. Олар ұсынылмаған жағдайда адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органы немесе алқалы атқарушы органы басшысының функциясын жеке дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес.

Конкурсты өткізу күні: конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін құжаттарды қабылдау, конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап, күнтізбелік он бес күн өткен соң аяқталады. Күні: 15.07.2026 ж. Уақыты сағат 12.00-де.

Конкурсты өткізу орны: 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 293 «Б», мәжіліс залы.

Тел.+7 (7132) 51-37-28.

эл.поштаның мекенжайы: gp4aktobe@mail.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
90-71-55 aktobesmi.mail.ru

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор Сәтжан ДӘРІБАЙ

Бас редактордың бірінші орынбасары Жаңағүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Кәмшат ҚОПАЕВА, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Әсел НОГУМАНОВА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректор Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 12189 Тапсырыс №957

Нөмірдің кезекші редакторы Арайлым Нұрбаева

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды